

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №1

08.09.2023

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің бұйрығымен, кеңестің ережесімен таныстыру.
2. Кеңес төрағасын немесе төрайымын сайлау.
3. 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
4. Ағымдағы мәселелер. (ыстық тамақпен қамтылған оқушы сабақтан қалған жағдай болса, сол күнгі ас мәзіріндегі тамақты көпбалалы отбасындағы оқушы баланың ішуі)

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Аяпбергенов М.Е. сөз сөйледі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңес жұмысына 2023 жылдың наурыздағы №56 бұйрығы өзгеріс енгізілуі туралы хабарлады. Қамқоршылық кеңесінің нұсқауымен және кейбір тарауларын оқып таныстырды.

1. Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы, медициналық және фармацевтикалық оқу орындарына, мемлекеттік емес білім беру ұйымдарына, сондай-ақ акционерлік қоғам нысанында құрылған мемлекеттік коммерциялық емес білім беру ұйымдарын қоспағанда білім беру ұйымдарында құрылатындығын, және Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтындығы туралы айтып өтті.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органы өзінің интернет қорында және/немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы және оның құрамы бойынша ұсыныстардың қабылданатындығы туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде орналастырады. Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күнінен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- жергілікті, өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- жұмыс берушілер және әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- ата-аналар комитеті ұсынған параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушының бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекежаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына

кірмейді. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

4. Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін жүзеге асырмайды. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша оның қызметін Қамқоршылық кеңес құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
5. Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдарын қызметкерлері арасынан тағайындалады және ол Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етеді.
6. Басқа ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін - екінші деңгейлі банкте ашылған шотына аударылады, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға шығыстарды жүзеге асыруға. Білім беру ұйымы жыл сайын жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының өзінің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдаланылуы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат бере алатындығы айтылды.
7. Білім беру ұйымының қайырымдылық көмектен аударылатын кез келген түсімдері: мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін - Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшеде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шотына;
 - басқа ұйымдық-құқықтық нысаны түрінде құрылған білім беру ұйымдары үшін - екінші деңгейлі банкте ашылған шотына аударылады.
8. Қайырымдылық көмектерден түсетін түсімдер:
 - білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге;
 - білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;
 - спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға;
 - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға шығыстарды жүзеге асыруға.
9. Білім беру ұйымы жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органының өзінің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатының пайдаланылуы және қозғалысы туралы жұртшылыққа ақпарат береді.
10. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:
 - тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша;
 - білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.
11. Қамқоршылық кеңестің мүшесі:
 - өз бастамасы бойынша;
 - отырыстарда себепсіз қатарынан үш рет болмауы себепті Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша кеңес мүшелері бірауыздан:

Төремұратов С. - Қамқоршылық кеңес төрағасына;
Қоштанбекова Ш. - Қамқоршылық кеңес мүшесіне;
Қ.Қиашева. - Қамқоршылық кеңес мүшесіне;
Әділханов Е. - Қамқоршылық кеңес мүшесіне;

Жаманов Қ. - Қамқоршылық кеңес мүшесіне;
Бисенов Б. - Қамқоршылық кеңес мүшесіне;
Жайсанбаев Е - Қамқоршылық кеңес мүшесіне;
Мамаев А. - Қамқоршылық кеңес хатшысына сайлады.
Ертілеуов Ә. - Қамқоршылық кеңес хатшысына сайлады.

Үшінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бірлескен жұмыс жоспарымен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті. Жұмыс жоспары бекітілді.

Төртінші ағымдағы мәселе бойынша мектеп директоры сөз алды. Ыстық тамақпен қамтылған оқушы сабақтан қалған жағдай болса, сол күнгі ас мәзіріндегі тамақты көпбалалы отбасындағы оқушы баланың ішуіне ұсыныс айтты. Бұл мәселесе бойынша да кеңес мүшелері бірауыздан колдады.

Қаулы:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа алып, жұмыс жасасын.
2. Қамқоршылық кеңесі тағайындалған жана құрамымен өз жұмыстарын алға қойып, қамқорлық жұмыстарының жандануына ат салыссын.
3. 2023-2024 жылдың жұмыс жоспары уақытылы жүргізілсін.
4. ыстық тамақпен қамтылған оқушы сабақтан қалған жағдайда, сол күнгі ас мәзіріндегі тамақты көпбалалы отасынан шыққан балаға ішуге рұқсат етілсін.

Кеңес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенғосова В.

Қамқоршылық кеңесінің отырысынан үзінді

Хаттама №2

28.03.2024

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылармен тәрбиеленушілердің ыстық тамақпен қамтылуы.
 2. Мектеп директорының есебі.
 3. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы (мектеп фломасы, мектепке алып кіруге тиым салынған заттарға жүргізілген рейдтардың қорытындысы)
 4. «Мектепке жол» акциясының барысы туралы ақпарат. Акция барысында көрсетілген қайырымдылық көмек туралы есеп.
- балаларының жай күйі, оқуы оқу құралдары, тамақтану жайлы есебі.

Тыңдалды: 1-ші, 3-ші, 4-ші, мәселелер бойынша мектеп директорының тәрбие орынбасары Н.Қ. Аренов сөз сөйледі.

Бірінші мәселе: Білім алушылармен тәрбиеленушілердің ыстық тамақпен қамтылуы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес, Теректі негізгі мектебінің 2023 жылғы 1 қыркүйегіндегі №52 бұйрығы негізінде бастауып буынның 1-4 сыныптар барлық оқушыларын ыстық тамақпен қамту үшін тізім жасақталды. I жартыжылдық бойынша 21 оқушы, II жартыжылдық бойынша 21 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Түске дейін 1,4 сыныптар барлығы 14 оқушы. Түстен кейін 2,3 сыныптар барлығы 18 оқушы ыстық тамақ ішеді.

Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) мәліметтері негізінде мемлекеттік атаулы көмек алатын, аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар мен мүмкіндігі шектеулі оқушылар саны тіркелмеді. Яғни, мектебімізде мемлекеттік арнаулы бес санатқа жататын оқушылар саны жоқ. Оқушылардың тамақтану уақыты мен тамақтануға уақытылы баруын қадағалау үшін кезекшілік кестесі құрылды.

Күнделікті оқушыларға берілетін ыстық тамақтың сапасын қадағалау мақсатында бракеражды комиссия құрамы төмендегідей болып бекітілді.

Коммиссия төрайымы Аренов Н.Қ. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Мүшелері: Аренов Н.Қ. – әлеуметтік педагог

Жайсаңбаева Ә. – медбеке

Жайсаңбаев Е. – шаруашылық меңгерушісі

Рахметова Ш. – ата-аналар комитетінің мүшесі.

2023-2024 оқу жылына бракеражды және мониторинг комиссияларының жұмыс жоспары құрылып, жоғарыда аты аталған бракераж мүшелері жоспарға сай жұмыстарын жүргізді. Ай – сайын тамақтану сапасы тексеріліп хаттама, актілер толтырылып отырды.

Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысы Жайық Сұлтан 05.01.2024 жылғы жалпы білім беретін мектептердің тамағын ұйымдастыру бойынша жұмыс тобының мәжілісінің хаттамасы негізінде екі апталық ас мәзірін бекітті. Ас мәзірі 11.00 – ге дейін, 11.00 – ден кейін деп екіге бөлінеді. Түске дейінгі оқушыларға сағат 09:35 қоңырау уақытында беріледі. Түстен кейін сағат 15:40 қоңырау уақыты 15 минут. Оқушылардың жас ерекшеліктері 7-10 жас, 11-14 жас, 15-18 жас болып бөлініп тағамның шығымы, граммы жас ерекшеліктеріне байланысты беріледі.

Үшінші мәселе: Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы (мектеп фломасы, мектепке алып кіруге тиым салынған заттарға жүргізілген рейдтардың қорытындысы)

Білім туралы Қазақстан республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңы 47 бап 15-1 тармағы, 49 бап 2-6 тармақ. Қазақстан республикасының білім және ғылым министрінің 2016

жылғы 14 қағдардағы 26 бұйрығына сәйкес мектебімізде мектеп формасы сақталған. Сонымен қатар мектепке алып кіруге тиым салынған заттарға жүргізілген рейдтардың қотытындысы бойынша оқушылардан зиян заттар табылмады. Оқушыларға құқық бұзушылық туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды.

Төртінші мәселе: «Мектепке жол» акциясының барысы туралы ақпарат. Акция барысында көрсетілген қайырымдылық көмек туралы есеп.

Тыңдалды: 2-ші мәселелер бойынша мектеп директоры М.Е. Аяпбергенов сөз сөйледі.

Мектеп директоры: М.Е. Аяпбергенов 2023-2024 оқу жылында атқарылаған іс-шаралармен жоспарға сай орындалған жұмыстармен алдағы оқу жылы мектеп түлектерінің емтиханнан өтуі туралы айтып өтті.

Қаулы:

1. Мектеп директорының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыс жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
2. Алдағы уақытта да өзекті мәселелер жоспарға алынып, жұмыс жоспарға сай орындалсын.

Кеңес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенғосова В.

Қамқоршылық кеңесінің отырысынан үзінді

Хаттама №3

18.04.2024

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет.
2. Мектептің әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы, оқушылардың денсаулығын сақтау үшін атқарылған іс- шаралар есебі.
3. Мектептің материалдық базасын дамыту үшін берілген заттар мен қаражаттың білім беру мекемесінің пайдалану туралы есебі.
4. Оқушылардың оның ішінде аз қамтылған, көпбалалы, жартылай асыраушысы жоқ отбасы балаларының жай күйі, оқуы оқу құралдары, тамақтану жайлы есебі.

Тыңдалды: 1-ші, 2-ші, 3-ші мәселелер бойынша мектеп директоры сөз сөйледі.

М.Е.Аяпбергенов: Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет. Мектептің әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы, оқушылардың денсаулығын сақтау үшін атқарылған іс- шаралар есебі. Алдағы өзекті мәселе көшу мәселесі туралы да сөз етті.


Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Н.Қ.Аренов сөз сөйледі.

Төртінші мәселе: Оқушылардың оның ішінде аз қамтылған, көпбалалы, жартылай асыраушысы жоқ отбасы балаларының жай күйі, оқуы оқу құралдары, тамақтану жайлы есебі. Биылғы жылы мектебізде мемлекеттік бес санатқа жататын отбасылар анықталмады.

Қаулы:

1. Мектеп директорының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыс жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
2. Алдағы уақытта да өзекті мәселелер жоспарға алынып, жұмыс жоспарға сай орындалсын.
3. Негізгі мектеп атауын сақтап қалу үшін жұмыстар жүргізілсін.

Кенес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенгосова В.

Қамқоршылық кеңесінің отырысынан үзінді

Хаттама №4

05.06.2024

Қатысқандар: қамқоршылық төрағасы, мүшелері мен мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет.
2. Мектеп бітіруші түлектердің қорытынды аттестаттау,
3. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерьге қамтылуы жайында мәлімет.
4. Мектеп директорының есебі.
5. «Қамқоршылық кеңесінің» жылдық жұмысының қорытындысы.

Тыңдалды: 1-ші және 4-ші мәселелер бойынша мектеп директоры сөз сөйледі.

М.Е. Аяпбергенов: Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет пен жылдық жұмыс жоспарының орындалуы туралы айтылды.

Екінші мәселе: Мектеп бітіруші түлектердің қорытынды аттестаттау,

Оқу ісі жөніндегі мектеп директорының орынбасары А. Мұхит сөз сөйледі.

Қорытынды аттестаттау 9- сыныпқа бойынша 29- мамырда қазақ тілі пәнінен 3 маусымда алгебра пәні, 6 маусымда орыс тілі әдебиетінен жазбаша түрде және де тандау пәні 10 маусымда қазақ тілі мен әдебиеті мен география пәнінен тапсырған болатын.

Үшінші мәселе: Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерьге қамтылуы жайында мәлімет.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аренов Нұржан сөз сөйледі. Биылғы оқу жылында мектебімізде арнаулы бес санатқа жататын оқушылар болмағандықтан «QH Жаздық жолдама әлеуметтік жобасын іске асыру мақсатында «Кәмпит» облыстық сауықтыру орталығына жазғы жолдамамен Теректі негізгі мектебінен бір үздік және бір оқу екпінді 5- сынып оқушысы Базар Гауһар Асылханқызы мен 7 - сынып оқушы Төлегенов Ерхан Ерланұлы жіберіліп отыр. Себебі, облыс, аудан көлемінде білім және спорт саласынан жетістіктері бар. Мектебіміздің білім саласы мен спорттық жарыстарда топ жарып жүрген оқушыларымыз.

Бесінші мәселе: «Қамқоршылық кеңесінің» жылдық жұмысының қорытындысы бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Төремұратов С. сөз сөйледі.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында осы мектеп қабырғасында жоспарға сай жұмыстар өз деңгейінде жасалып отырды. Енді өз тарапымыздан қойылған мәселелерге оң шешім жасауға тырысып өз тарапымыздан қолдау білдіріп отырдық. Қысқы, жазғы сауықтыру лагерьлерге шама келгенше көп балалы отбасылармен толық емес отбасыларынан баруға қолдау білдірдік. Биылғы атқарылған жұмыс өз деңгейінде деп баға береміз. Алдағы оқу жылында да бірлесіп біраз жұмыс атқарамыз деген сенімдемін.

Қаулы:

1. Мектеп директорының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыс жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
2. Алдағы уақытта да өзекті мәселелер жоспарға алынып, жұмыс жоспарға сай орындалсын.
3. Алдағы оқу жылына қамқоршылық кеңестің мектеппен бірлескен жұмыс жоспары жасақталсын.

Кенес төрағасы:  Төремұратов С.

Хатшы:  Есенғосова В.